(Действительно для стран, использующих систему раздельного сбора отходов)

Наличие данного значка показывает, что изделие и его электронные аксессуары (например, зарядное устройство, гарнитура, кабель USB) по окончании их срока службы нельзя утилизировать вместе с другими бытовыми отходами. Во избежание нанесения вреда окружающей среде и здоровью людей при неконтролируемой утилизации, а также для обеспечения возможности переработки для повторного использования, утилизируйте изделие и его электронные аксессуары отдельно от прочих отходов.

Сведения о месте и способе утилизации изделия в соответствии с нормами природоохранного законодательства можно получить у продавца или в соответствующей государственной организации.

Бизнес-пользователи должны обратиться к своему поставщику и ознакомиться с условиями договора купли-продажи. Запрещается утилизировать изделие и его электронные аксессуары вместе с другими производственными отходами.

Подлежит использованию по назначению в нормальных условиях
Рекомендуемый период : 7лет

Связывайтесь с SAMSUNG по всему миру
Если у вас есть предложения или вопросы по продукции Samsung,
обращайтесь, пожалуйста, в информационный центр компании Samsung.

117105 Россия, Москва, Варшавское шоссе д.26, а/я 4
8-800-555-55-55 (VIP care 8-800-555-55-88)
www.samsung.com/ru/support
Изготовитель : Самсунг Электроникс Ко., Лтд,
107, Ханамсандан 6 Беон-ро, Гвангсан-гу, Гванджу, Корея 506-723
Поставщик : ООО “Самсунг Электроникс Рус Компани”,
Российская Федерация, 123242, г. Москва, Новинский бульвар, д. 31, помещение 1, 2

RF24FSEDBSR





Тоңазытқыш
пайдаланушы нұсқаулығы

Қазақша

мүмкіндіктерді елестетіңіз

Samsung бұйымын сатып алғаныңызға рахмет.

Жеке тұратын құрылғы

SAMSUNG

DA68-02916H-09.indb 1 2017. 2. 7. 4:57

Қауіпсіздік туралы ақпарат

	Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.
	Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- Құрылғыны іске қосардың алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз да, келешекте қарап жүру үшін құрылғыдан алыс емес, сенімді жерге сақтап қойыңыз.
- Құрылғыны тек осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз. Бұл құрылғы кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) қолдануға арналмаған. Олар осы құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.
- Құрылғыны қауіпсіздік ережелерімен танысқан жасы 8-ге толған балалар мен ересектер, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі немесе тәжірибесі жеткіліксіз адамдар, құрылғыны қауіпсіз қолдану, оны пайдалану барысында орын алуы мүмкін қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалана алады.
  Балаларға осы құрылғымен ойнауға тыйым салынған.
  Балаларға ересектердің бақылауынсыз тазалауға және құрылғыға күтім көрсетуге тыйым салынған.
- Бұл пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген "Ескертулер" мен "Қауіпсіздік нұсқауларында", орын алуы ықтимал жағдайлар мен оқиғалардың барлығы бірдей қамтылмаған. Құрылғыны абайлап, сақтықпен орнатуға, күтім көрсетуге, іске қосуға өзіңіз міндеттісіз.

DA68-02916H-09.indb 2 2017. 2. 7. 4:57

- Себебі төменде көрсетілген нұсқауларда құрылғының әр түрі қамтылғандықтан, сіздің тоңазытқышыңыздың техникалық сипаттамасы, осы нұсқаулықта көрсетілген құрылғылардан сәл өзгеше болуы және ескерту белгілерінің барлығы бірдей сізге қатысты болмауы мүмкін. Толғандырып жүрген мәселе немесе сұрағыңыз болса, жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе www.samsung.com веб-сайтынан ақпарат немесе көмек алыңыз.

Қауіпсіздікке қатысты маңызды белгілер және сақтық шаралары:

⚠ ЕСКЕРТУ	**Ауыр жарақат немесе өлімге әкелетін** қатерлі жағдайлар немесе қауіпті әрекеттер.
⚠ АБАЙЛАҢЫЗ	**Кішігірім жарақат немесе мүлікке зиян келтіретін** қатерлі жағдайлар немесе қауіпті әрекеттер.

	Әрекет ЕТПЕҢІЗ.
	БҰЗБАҢЫЗ.
	Қол ТИГІЗБЕҢІЗ.
	Нұсқауларды мұқият орындаңыз.
	Ашаны розеткадан суырыңыз.
	Электр тоғының қатеріне түспес үшін құрылғыны жерге қосыңыз.
	Қызмет көрсету орталығына хабарласып көмек алыңыз.
	Ескерім.

Бұл ескерту белгілері сіз немесе басқа адамдар жарақаттанып қалуға жол бермеу үшін қажет. Бұларды мұқият орындаңыз. Осы бөлімді оқып болғаннан кейін, келешекте қарап жүру үшін сенімді жерге сақтап қойыңыз.

CE мәлімдемесі

Бұл өнімнің Еуропалық одақтың №643/2009 ережесі бойынша қабылданған Төмен кернеу стандартына (2006/95/EC), Электрмагнитті сыйысымдылық стандартына (2004/108/EC), ДжҚ стандартына (2011/65/EU), Комиссия стандартына (EU) № 1060/2010 және Эко-дизайн стандартына (2009/125/EC) сәйкестігі анықталған.

DA68-02916H-09.indb 3 2017. 2. 7. 4:57

(Европалық одақта сатылатын өнімдер үшін)

⚠ ЕСКЕРТУ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ОРНАТУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТАҢ ЕСКЕРТУЛЕР

- Құрылғыны тасымалдау және орнату барысында, салқындату жүйесінің ешбір бөлігіне зақым келтірмеу үшін өте абайлау керек.
- Салқындатқыш ретінде R-600a немесе R-134a пайдаланылған. Тоңазытқышыңызда қандай салқындатқыш сұйық қолданылғанын, құрылғының артындағы компрессордың жапсырмасынан немесе тоңазытқыштың ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасынан қараңыз.
- Осы құрылғыда жанғыш газ бар болса (сақындатқыш R-600a),
- Түтіктен ағып тұрған салқындатқыш газ жануы немесе көзге зақым келтіруі мүмкін. Егер сұйық аққанын байқасаңыз, ашық от көзінен немесе басқа да тұтандыруы мүмкін заттардан алыс ұстаңыз да, құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіңіз.
- Салқындатқыш сұйық аққан жағдайда газ бен ауа аралас тұтанғыш қоспа пайда болмас үшін, құрылғы тұратын бөлменің кеңдігі, салқындатқыш сұйықтың мөлшеріне байланысты анықталады.
- Қандай да бір жері бүлінген құрылғыны ешқашан іске қоспаңыз. Егер күмәндансаңыз, дилерге хабарласып кеңес алыңыз. Тоңазытқыш орнатылатын бөлменің мөлшері, құрылғының ішіндегі R-600a салқындатқыш сұйығының, әр 8г-на 1м³ келуге тиіс. Құрылғыңыздағы тоңазытқыш сұйықтың мөлшері, құрылғының ішіндегі техникалық параметр тақтайшасында көрсетілген.
- Егер құрылғыда изобутан сұйығы (R-600a) болса, бұл қоршаған ортаға жоғары деңгейде сай келетін табиғи газ болса да, тұтанатын газ санатына жатады. Құрылғыны тасымалдау және орнату барысында, тоңазытқыш жүйенің ешбір бөлігіне нұқсан келмес үшін абайлау керек.

⚠ ЕСКЕРТУ ОРНАТУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

- Бұл құрылғыны ылғалды, майлы немесе шаңды жерге, күн сәулесі тура түсетін немесе жаңбыр (жаңбыр тамшылары) жауатын жерге қоймаңыз.

DA68-02916H-09.indb 4 2017. 2. 7. 4:57

- Электр бөлшектерінің қаптамасына нұқсан келсе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
• Бұл тоңазытқышты күн сәулесі тура түсетін жерге не пештің, бөлме қыздырғыштардың не басқа құрылғылардың қызуына тақатып қоймаңыз.
• Бірнеше ағытпасы бар розеткаға бірнеше құрылғыны қатар жалғамаңыз.
Тоңазытқышты әрқашан тек өзіне арналған, кернеуі құрылғының техникалық тақтайшасындағы кернеуге сай келетін жеке розеткаға жалғау керек.
- Сонда құрылғы тамаша жұмыс істейді және үйдегі электр желісінің жүктемесінің шамадан тыс артуына, нәтижесінде сымдар қызып өрт шығу қатерінің орын алуына жол бермейді.
Босап тұрған розеткаға ашаны сұқпаңыз.
- Өрт шығуы немесе электр қатері орын алуы мүмкін.
• Жарылып қалған немесе ұзына бойына нұқсан келген, немесе ұшы бүлінген сымдарды қолданбаңыз.
• Қорек сымдарын қатты майыстырмаңыз немесе үстіне ауыр зат қоймаңыз.
• Тоңазытқыш қасында аэрозольдарды қолданбаңыз.
- Тоңазытқыш қасында қолданылған аэрозольдар жарылыс немесе өрт шығуға себеп болуы мүмкін.
• Бұл құрылғыны газ жылыстап шығуы мүмкін жерге қоймаңыз.
- Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

★ • Бұл құрылғыны орнату немесе оған қатысты кез келген жөндеу жұмыстарын білікті маманға немесе қызмет көрсету компаниясына тапсыруды ұсынамыз.
- Бұлай істемеген кезде, электр қатері, өрт, жарылыс, құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін.
• Бұл тоңазытқышты қолданар алдында, нұсқауларға сай орнатып, дұрыс жерге орналастыру керек.
• Құрылғыны ылғал жерге немесе құрылғыға су тиіп кетуі мүмкін жерге орнатпаңыз.
- Электр бөлшектерінің қаптамасына нұқсан келсе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
• Ашаны розеткаға сымын төмен салбыратып дұрыс жалғау керек.
- Егер ашаның түп жағын жоғары қаратып жалғасаңыз, қуат сымы қиылып, өрт немесе электр қатері орын алуы мүмкін.
• Жарылып қалған немесе

DA68-02916H-09.indb 5 2017. 2. 7. 4:57

ұзына бойына нұқсан келген, немесе ұшы бүлінген сымдарды қолданбаңыз.

- Тоңазытқыштың артында тұрған ашаның жаншылып, немесе бүлініп қалмағанын тексеріңіз.
- Тоңазытқышты жылжытқан кезде, қорек сымын басып кетпеуге немесе бүлдіріп алмауға тырысыңыз.

- Бұндай жағдайда өрт қатері орын алуы мүмкін.

- Құрылғыны орнатқанда ашаға қол оңай жететін етіп орнату керек.
- Орам материалдарын балалардан алыс ұстаңыз.

- Балалар оларды бастарына киіп алса, тұншығып, мерт болуы мүмкін.

- Құрылғыны жерге дұрыс тұйықтау керек. Құрылғыны газ құбырына, пластик су құбырына немесе телефон жүйесіне тұйықтамаңыз.

- Тоңазытқышты міндетті түрде тоңазытқыштан жылыстап шыққан электр тоғына соғылып қалмау немесе өрт қатерін болдырмау үшін жерге қосу керек.

- Себебі электр қатері, өрт, жарылыс немесе құрылғыға байланысты ақау пайда болуы мүмкін.

- Қорек сымын ешқашан дұрыс жерге қосылмаған розеткаға қоспаңыз және оның жергілікті және мемлекеттік стандарттарға сай келетініне көз жеткізіңіз.

- Егер қорек сымы бүлінсе, оны дереу өндірушіге немесе оның уәкілетті агентіне ауыстырту керек.
- Тоңазытқыштағы сақтандырғышты білікті техник немесе қызмет көрсету компаниясы ауыстыруға тиіс.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері пайда болуы немесе адам жарақат алуы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ ОРНАТУҒА ҚАТЫСТЫ "АБАЙЛАҢЫЗ" БЕЛГІЛЕРІ

- Құрылғының корпусындағы немесе орнату үшін қолданылған бөліктеріндегі желдеткіш саңылауларды бітемей ашық ұстаңыз.
- Құрылғыны орнатып болғаннан кейін 2 сағат қоя тұрыңыз.

DA68-02916H-09.indb 6 2017. 2. 7. 4:57

⚠ ЕСКЕРТУ ІСКЕ ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

- Ашаны су қолыңызбен розеткаға сұқпаңыз.
- Құрылғының үстіне зат қоймаңыз.

- Есікті ашқанда немесе жапқанда, заттар құлап кетіп, адам жарақат алуы немесе және/не мүлікке зиян келуі мүмкін.
- Су құйылған заттарды тоңазытқыштың үстіне қоймаңыз.
- Төгіліп қалса, өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.
- Балаларға есікке асылып тұруға рұқсат бермеңіз.
- Бұл нұсқау орындалмаса, адам қатты жарақат алуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың қасында болмаған кезде есігін ашық қалдырмаңыз және балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруге жол бермеңіз.
- Сәбилер мен балалардың тартпаға кіруіне жол бермеңіз.
- Қамалып қалып, тұншығу немесе жарақат алуға байланысты мерт болу қаупі бар.
- Мұздатқыштың есігіне отырмаңыз.
- Есігі сынып қалуы немесе адам жарақат алуы мүмкін.

- Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек. Саусақтарыңызды "қыстырып алатын аумақтардан" алыс ұстаңыз:
  есіктер мен корпустардың арасына қажетіне орай шамалы орын қалдырылған. Балалар жақын жерде болса, есіктерді ашатын кезде абайлаңыз. Балаларға есікке асылып тұруға рұқсат бермеңіз. Себебі ауыр жарақат алуы мүмкін. Балалар қамалып қалатын қауіп бар. Балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруге жол бермеңіз.
- Балалар қамалып қалмас үшін, егер тартпа бөлгіш алынып тұрса, тазалау немесе басқа жұмыстардан кейін жинаққа кірген бұрандаларды пайдаланып, тартпа бөлгішті қайта орнату керек.
- Үлестіргіш тесікке ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды сұқпаңыз.
- Бұл нұсқау орындалмаса, адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келтуі мүмкін.
- Бензол, сұйылтқыш, алкоголь, эфир немесе сұйылтылған газ тәрізді тұтанғыш немесе жанғыш заттарды тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Бұндай заттың кез келгенін сақтаған кезде жарылыс шығуы мүмкін.
- Төмен температураға төзбейтін

DA68-02916H-09.indb 7 2017. 2. 7. 4:57

дәрі-дәрмекті, ғылыми үлгілік материалдарды немесе басқа да төмен температураға төзбейтін заттарды тоңазытқышта сақтамаңыз.

- Температурасын қатаң бақылап отыруды қажет ететін өнімдерді тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Тоңазытқыштың ішіне өндіруші арнайы рұқсат етпеген электр құрылғысын қоюға немесе қолдануға болмайды.
- Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз. Тоңазытқыш ішіндегі жағымсыз иісті кетіру үшін жанып тұрған шамды қоймаңыз.
- Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Мұздатқыш бөліктің ішкі қабырғасын немесе мұздатқыш бөліктің ішінде тұрған заттарды су қолмен ұстамаңыз.
- Теріні қарып кетуі мүмкін.
- Жібіту үрдісін жылдамдату үшін, өндіруші ұсынған құралдардан басқа механикалық заттарды не басқа құралдарды қолданбаңыз.
- Тоңазытқыш жүйені бүлдіріп алмаңыз.

- Бұл тек үйде тағам сақтауға арналған құрылғы.
- Бөтелкелерді құлап қалмас үшін бір-біріне өте жақын орналастырып қою керек.
- Газ жылыстап шыққан кезде (пропан газы, сұйылтылған, т.с.с. газ) ашаға қол тигізбей, бөлмені дереу желдетіңіз. Құрылғыға немесе қуат сымына қол тигізбеңіз.
- Қолдарыңызды, аяқтарыңызды немесе темір заттарды (мысалы, тіс шұқығыш т.с.с.) тоңазытқыштың астыңғы немесе артқы жақтарына салмаңыз.

- Себебі электр қатері орын алуы немесе жарақат алуыңыз мүмкін.
- Кез келген өткір қырлар жарақат алуға себеп болуы мүмкін.
- Желдеткішті қолданбаңыз.
- Жарқыл шығып, жарылысқа немесе өртке ұласуы мүмкін.

- Өндірушіден немесе оның қызмет көрсету агентінен алған LED шамдарын ғана қолданыңыз.
- Балалар құрылғымен ойнап және/не оған өрмелеп шығып кетпес үшін қадағалап отыру керек.

- Тоңазытқышты өзіңіз жөндемеңіз немесе бөлшектемеңіз.

- Өрт шығуы, бұзылып қалуы және/не адам жарақат алуы мүмкін. Бұзылып қалса, қызмет көрсету технигіне хабарласыңыз.

DA68-02916H-09.indb 8 2017. 2. 7. 4:57

• Құрылғыны өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекет жасамаңыз.
- Стандартты сақтандырғыштан басқа сақтандырғышты (мысалы, мыс, темір сым т.с.с.) пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жөндеу немесе қайта орнату қажет болған кезде, ең жақын орналасқан қызмет орталығына хабарласыңыз.
- Бұлай істемеген кезде, электр қатері, өрт, құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін.
• Егер құрылғыдан тосын шуыл, көңірсіген иіс немесе түтін иісі шықса, ашаны дереу розеткадан суырыңыз да, жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Бұлай істемесеңіз, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
• Шамды ауыстыру қиынға соқса, қызмет көрсету технигіне хабарласыңыз.
• Егер құрылғы LED шамымен жабдықталса, шамның қақпағын және LED шамын өзіңіз ағытпаңыз.
- Қызмет көрсету технигіне хабарласыңыз.
• Тоңазытқышқа шаң немесе су кірсе, ашасын суырып алып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өрт шығу қаупі бар.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ ІСКЕ ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

• Құрылғыны барынша жақсы жұмыс істету үшін,
- Тағамдарды құрылғының артқы жағындағы желдеткіш саңылауларға өте жақын қоймаңыз, себебі тоңазытқыш бөліктің ішіндегі ауаның еркін айналуына кедергі жасайды.
- Тағамдарды тоңазытқыш ішіне қояр алдында, дұрыс ораңыз немесе ауа кірмейтін сауыттарға салыңыз.
- Мұздатқыңыз келген тағамды, бұрыннан тұрған тағамның қасына қоймаңыз.
• Мұздатқыш бөлікке газдалған немесе көпіршитін сусындарды қоймаңыз. Бөтелке немесе шыны сауыттарды мұздатқыш бөлікке қоймаңыз.
- Ішіндегісі мұздаған кезде шыны сынып, адам жарақат алуы немесе мүлікке зиян келуі мүмкін.
• Тоңазытқыштың функцияларына өзгеріс енгізбеңіз немесе өзгертпеңіз.

DA68-02916H-09.indb 9 2017. 2. 7. 4:57

- Өзгертулердің нәтижесінде адам жарақат алуы және/ немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін Осы дайын құрылғыға 3-ші тарап енгізген кез келген өзгеріске Samsung тарапынан кепілді қызмет көрсетілмейді, сондай-ақ, Samsung 3-ші тарап енгізген өзгертуден туындаған, қауіпсіздікке қайшы жағдайлар немесе зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Ауа саңылауларын бітемеңіз.
- Егер ауа саңылаулары бітелсе, әсіресе пластик қалтамен бітелсе, тоңазытқыш қатты салқындап кетуі мүмкін. Егер осы салқындату циклы өте ұзаққа созылса, су сүзгісі сынып, су ағып кетуі мүмкін.
- Мұздатқыңыз келген тағамды, бұрыннан тұрған тағамның қасына қоймаңыз.
- Мұздатылған тағамдардың макс. сақтау уақыты мен жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз.
- Су сауытын, мұз науасын, мұз текшелері науасын ауыз суымен ғана толтырыңыз.
- Тоңазытқыштағы мұз жасайтын құралды ғана пайдаланыңыз.
- Осы тоңазытқышқа қосылатын су жүйесін тек білікті маман ғана орнатуға/жалғауға және тек ауыз су жүйесіне ғана қосуға тиіс.
- Мұз жасағыш дұрыс жұмыс істеу үшін судың қысымы 138~862кПа (1,4~8,8кг/к/см3) болуға тиіс.
- Құрылғының бетіне құрт-құмырысқа жойғыш тәрізді ұшқыш спрейді шашпаңыз.
- Адамдарға зиянды болып ғана қоймай, электр, өрт қатерін тудыруы немесе құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.
- Шынының бетін қатты соғуға немесе оған қатты салмақ салуға болмайды.
- Сынған шыны адамға зақым және/немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ КӨРСЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

- • Суды тоңазытқыштың ішіне немесе сыртына тура шашпаңыз.
- Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тұтанғыш спрей, тұтанғыш заттар, құрғақ мұз, дәрі-дәрмек немесе химикаттар тәрізді температураға сезімтал заттарды құрылғының қасында пайдаланбаңыз немесе оның ішіне қоймаңыз. Тоңазытқыштың ішіне буланғыш немесе тұтанғыш заттарды (бензол, сұйылтқыш, пропан газы, т.с.с.) сақтамаңыз.

DA68-02916H-09.indb 10 2017. 2. 7. 4:57

- Бұл тағам сақтауға ғана арналған тоңазытқыш.
- Себебі өрт шығуы немесе жарылыс шығуы мүмкін.

• Тұтанғыш газды тоңазытқыштың қасына тұрып шашпаңыз.

- Жарылыс немесе өрт шығу қаупі бар.

• Тазалағыш құралдарды бейнебетке тура шашпаңыз.

- Бейнебетке басылған қаріптер түсіп қалуы мүмкін.

• Ашаның істікшесіндегі кез келген бөгде затты немесе шаңды тазалаңыз. Ашаны тазалағанда дымқыл немесе су шүберекті пайдаланбаңыз, қуат ашасының істікшесіндегі бөгде затты не шаңды тазалаңыз.

- Себебі өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.

• Үлестіргіш тесікке және мұз науасына ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды салмаңыз.

- Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.

• Тоңазытқыштың ашасын тазалау немесе күтім көрсету жұмыстарын бастамай тұрып алыңыз.

• Ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз. Зақым келген ашаны, қорек сымын немесе босап қалған розетканы пайдаланбаңыз.

- Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

• Қорек сымын ешқашан қатты тартпаңыз немесе майыстырмаңыз. Қуат сымын майыстырмаңыз немесе байламаңыз. Қорек сымын металл заттың үстіне ілмеңіз, қорек сымының үстіне ауыр зат қоймаңыз, қорек сымын заттардың арасына қыстырмаңыз немесе құрылғының артындағы орынға салмаңыз.

- Тоңазытқышты жылжытқан кезде, қорек сымын басып кетпеуге немесе бүлдіріп алмауға тырысыңыз

- Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСТАУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

• Құрылғыны тастар алдында, оның артындағы түтіктердің ешбіріне нұқсан келмегеніне көз жеткізіңіз.

• Салқындатқыш ретінде R-600a немесе R-134a пайдаланылған.

DA68-02916H-09.indb 11 2017. 2. 7. 4:57

Тоңазытқышыңызда қандай салқындатқыш сұйық қолданылғанын, құрылғының артындағы компрессордың жапсырмасынан немесе тоңазытқыштың ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасынан қараңыз. Егер құрылғыда тұтанғыш газ (R-600a сұйығы) қолданылса, құрылғыны дұрыс тастау үшін жергілікті мекемеге хабарласыңыз. Изоляция газы ретінде циклопентан қолданылған. Изоляция ретінде қолданылған материалдағы газды тастау үшін арнайы тастау шарасы орындалуға тиіс. Осы құрылғыны қоршаған ортаға залал тигізбейтін етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз. Құрылғыны тастар алдында, оның артындағы түтіктердің ешбіріне нұқсан келмегеніне көз жеткізіңіз. Түтіктерді ашық жерде сындыру керек.

- Осы немесе басқа тоңазытқыштарды тастаған кезде, кішкене балалар мен жануарлар қамалып қалмас үшін тоңазытқыштың есігін/ есігінің тығыздағыштарын, есігінің бекітпесін алыңыз. Балалар құрылғы ішіне оңай кіріп кетуге жол бермеу үшін сөрелерін алмаңыз. Балаларды ескі құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.
- Осы құрылғының орам материалдарын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін етіп тастау керек.
- Орам материалдарының барлығын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз, себебі орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.

- Егер бала дорбаны басына киіп алса, тұншығып қалуы мүмкін.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТИІСТІ ТҮРДЕ ҚОЛДАНУҒА ҚОСЫМША КЕҢЕС

- Тоқ өшіп қалған жағдайда, жергілікті электр қуатымен жабдықтау компаниясына телефон соғып, тоқ қанша уақыттан кейін қосылатынын сұраңыз.

- Сөніп қалған тоқ бір немесе екі сағат ішінде қалпына келсе, тоңазытқыш температурасына әсер етпейді. Дегенмен, тоқ сөніп тұрған кезде тоңазытқыштың есігін барынша аз ашу керек.

- Тоқ 24 сағаттан көп сөнетін жағдайда, мұздатылған тағамдардың барлығын алыңыз.

- Тоңазытқышпен бірге кілт берілсе, бұл кілттерді

DA68-02916H-09.indb 12 2017. 2. 7. 4:57

балалардың қолы жетпейтін, құрылғыдан алыс жерде сақтау керек.

- Құрылғыны температурасы осы құрылғы үшін арнайы көрсетілген төмен температура шегінен төмен жерге қойғанда (тоңазытқыш ішіндегі температураның өте жылы болып кетуі мүмкін) тұрақты жұмыс істемеуі мүмкін.
- Төмен температурада тез бүлінетін банан, қарбыз тәрізді тағамдарды сақтамаңыз.
- Құрылғыңызға мұз қатпайды, басқаша айтқанда, мұзды қолдан жібітудің қажеті жоқ, себебі бұл автоматты түрде орындалады.
- Жібіту кезінде температураның жоғарылауы ISO талаптарына сай келеді. Бірақ құрылғыны жібіту барысында тоңазытқыш ішіндегі мұздатылған тағам температурасының жоғарылап кетуін қаламасаңыз, мұздатылған тағамды бірнеше қабат газетке орағыз.
- Киото протоколында қамтылған фторланған жылыжай газы бар.
- Фтор қосылған жылыжай газымен бірге шыққан көпіршік.

Көпіршік қосылған қоспа: Перфлюорогексан
Ғаламдық жылынуға тигізер әсері (GWP) = 9000

- Жібіту барысында мұздатылған тағам температурасының сәл көтерілуі, оны сақтау мерзімін қысқартады.

Қуатты үнемдеу туралы кеңес

- Құрылғыны салқын, құрғақ, жеткілікті түрде желдетілетін жерге орнатыңыз.
  Оны күн сәулесі тура түсетін жерден және қызу көздерінен (мысалы, батарея) алыс қойыңыз.
- Құрылғының саңылаулары мен торкөздерін ешқашан бітемеңіз.
- Жылы тағамды тоңазытқыш ішіне қояр алдында салқындатыңыз.
- Мұздатылған тағамды тоңазытқышқа қойып жібітіңіз. Содан кейін мұздатылған тағамдардың төмен температурасын, тоңазытқыштағы тағамды салқындату үшін қолдануға болады.
- Тағам салғанда немесе тағамды алған кезде құрылғының есігін ұзақ уақыт ашып қоймаңыз. Есікті неғұрлым аз уақытқа ашсаңыз, мұздатқышқа аз мұз қатады.

DA68-02916H-09.indb 13 2017. 2. 7. 4:57

- Тоңазытқыштың арт жағын уақытылы тазалаңыз. Шаң қуаттың көп шығындалуына алып келеді.
- Қажетті температурадан артық суық температураны таңдамаңыз.
- Тоңазытқыштың табаны мен артқы қабырғасынан ауа жеткілікті түрде шығуын қамтамасыз етіңіз. Ауа шығатын саңылауларды бітемеңіз.
- Орнатқан кезде оң, сол жағынан, арты мен үстіңгі жағынан бос орын қалдырыңыз. Бұл қуатты аз пайдаланып, электр қуаты төлемдерін азайтуға көмектеседі.
- Қуатты барынша үнемдеу үшін, барлық ішкі құралдарын, шелектер, тартпалар, сөрелер сияқты, өндіруші жабдықтаған орындарына қойыңыз.

Бұл құрылғы үйде және сол сияқты, дүкендердегі қызметкерлерге арналған ас бөлмелерде,

- кеңселерде және басқа жұмыс орындарында пайдалануға арналған;
- ферма үйлерінде, қонақ үйдің қонақтары және басқа тұрғында жерлерде;
- төсек және таңғы аспен жабдықтайтын жерлерде;
- қоғамдық тағам орындарында және сол сияқты бөлшек сауда жасамайтын жерлерде.

мазмұны

ФРАНЦУЗ ЕСІКТІ ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ 15
ФРАНЦУЗ ЕСІКТІ ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ІСКЕ ПАЙДАЛАНУ 23
АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ 36

DA68-02916H-09.indb 14 2017. 2. 7. 4:57

Француз есікті тоңазытқышты орнату

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Осы Samsung компаниясының Француз есікті тоңазытқышын
сатып алғаныңызбен құттықтаймыз.
Осы құрылғы ұсынатын заманауи функциялар мен мүмкіндіктерді рахаттана қолданасыз деп ойлаймыз.


Тоңазытқышты орнатуға ең қолайлы жерді таңдау

Таңдаңыз:


- Су жүйесіне оңай қосылуға болатын жер.
- Күн сәулесі тура түспейтін жер.
- Едені тегіс жер.
- Тоңазытқыштың есіктерін оңай ашуға болатын кеңірек жер.
- Ауа айналу үшін оң, сол жақтарынан, артқы және үстіңгі жағынан жеткілікті орын қалатын жер.
- Жөндеу немесе қызмет көрсету қажет болғанда, тоңазытқышты оңай жылжытуға болатын жер.
- Тоңазытқышты температурасы 10ºC градустан төмен түсетін жерге орнатпаңыз.
- Тоңазытқышты су болып қалуы мүмкін жерге орнатпаңыз.


Тоңазытқыш кеңірек жерге қойылмаса, ішкі салқындату жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер тоңазытқыштың мұз жасағыш құралы бар болса, арт жағынан су жүйесіне қосуға арналған қосымша орын қалдырыңыз. Тоңазытқышты жылжымайтын қабырғаның қасына орнатқан кезде, тоңазытқыш пен қабырғаның арасында, есікті ашуға арналған кем дегенде 95мм орын болуға тиіс.

Маңызды: Құрылғыны тұрақты тұратын жеріне оңай апару үшін есіктің өлшемін (ені мен биіктігі екеуін), табалдырықтарды, төбені, сатыларды, т.с.с. өлшеңіз.
Келесі кестеде осы Samsung француз есікті тоңазытқышының нақты биіктігі мен тереңдігі көрсетілген.



"A" тереңдігі	726 мм
"B" ені	908 мм
"C" биіктігі	1749 мм
"D" жалпы биіктігі	1777 мм
"E" тереңдігі	788 мм






Әр өлшем дизайн өлшеміне сай берілген, сондықтан өлшем мәндері өлшеу тәсіліне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

DA68-02916H-09.indb 15 2017. 2. 7. 4:57

Тоңазытқышты жылжытқан кезде


АБАЙЛАҢЫЗ Еденге нұқсан келмес үшін алдыңғы өзгермелі тіректерін жоғары көтеріп (еденнен жоғары) қойыңыз. Нұсқаулықтың "Деңгейін реттеу" (20-шы бетте) тарауын қараңыз.



Жалпақ жүзді бұранда бұрағыш(-) **Басқару тетігі**

ЕДЕНГЕ ОРНАТУ

Осы тоңазытқышты дұрыс орнату үшін тегіс, қатты және биіктігі еденнің басқа бөлігінің биіктігімен бірдей жерге орнату керек. Ішіне зат толтырылған тоңазытқыш қойылатын жердің беті салмақ көтере алатындай мықты болуы керек.
Еденнің қаптамасын қорғау үшін картонның үлкен бөлігін кесіп алып, тоңазытқыштың астына салыңыз. Тоңазытқышты жылжытқан кезде, оны тура алға немесе артқа тартып және итеру керек. Бір жағынан екінші жағына қарай бұлғамаңыз.



ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІКТЕРІН АЛУ

Кейбір тоңазытқыштарды орнату үшін, тоңазытқышты тұрақты орнына апару үшін тоңазытқыш пен мұздатқыштардың тартпаларын алу керек. **Егер есіктерді/тартпаны алу қажет болмаса, алмаңыз.** Егер тоңазытқыштың есіктерін алу қажет болмаса, 20-шы беттегі "Деңгейін реттеу" тарауын қараңыз. Егер есіктерді алу қажет болса, келесі қадамдарды орындаңыз.
Есікті/тартпаны алар алдында, келесі қадамдарды міндетті түрде оқыңыз:

ЕСКЕРТУ Есікті немесе тартпаны алар алдында тоңазытқышты тоқтан ажыратыңыз.

- Есіктерді/тартпаларды алғанда құлатып алу, зақым келтіріп алмау немесе сызат түсірмеу үшін абай болыңыз.
- Есіктерді/тартпаларды алғанда абай болыңыз. Есіктердің салмағы ауыр, жарақат алуыңыз мүмкін.
- Есіктерді/тартпаларды келесі жағдайларға жол бермеу үшін дұрыс орнатыңыз:


- Ауаның шығуынан ылғал пайда болмау.
- Есікті дұрыс деңгейлемеу.
- Есік тығыздағышының дұрыс болмауына байланысты қуаттың шығындалуы.

Тоңазытқыштың есіктерін ағыту

ЕСКЕРТУ Есіктерді алу барысында құлатып және сызат түсіріп алмау үшін абай болыңыз.

Қажетті құралдар (жинаққа кірмейді)


Тоңазытқышты орнатуды аяқтау үшін келесі құралдар қажет:

		
Philips бұранда бұрағышы(+)	Жалпақ жүзді бұранда бұрағыш(-)	Қырлы бұранда бұрағыш (10 мм)
		
Тістеуік	Әмбебап гайка кілті (5 мм)	


DA68-02916H-09.indb 16 2017. 2. 7. 4:57

Есік ашық тұрғанда


1. Қосылған сымдарды ажырату үшін ҮСТІҢГІ ТАҚТАНЫ (**1**) ұстап тұрған 3 бұранданы алыңыз.




2. Есіктің сол жағындағы екі жалғастырғышты (**2**) ағытыңыз. Топсадан су механизмін алу үшін, оны топсадан майыстырып, тартып шығарыңыз. Судың деңгейін (**3**) алу үшін, су механизмінің белгі салынған бөлігін (**4**) басып тұрыңыз.




3. Топсаның тетігін (**5**) тартып тұрып, ағытыңыз. Филипс бұранда бұрағышын пайдаланып, үстіңгі сол жақ есік топсаларында орналасқан астыңғы бұранданы (**6**) алыңыз. Есіктің үстіңгі сол жақ және оң жақ топсаларын (**7**) алыңыз.



4. Есікті ағытып алу үшін тігінен көтеріңіз.



5. Филипс бұранда бұрағышын пайдаланып, астыңғы сол жақ және оң жақ есік топсаларында орналасқан бұранданы (**8**) алыңыз. Астыңғы сол жақ және оң жақ есік топсаларына орнатылған 2 алты қырлы болттарды (**9**) әмбебап гайка кілтімен (5мм) алыңыз. Есіктің астыңғы сол жақ және оң жақ топсаларын (**10**) алыңыз.




DA68-02916H-09.indb 17 2017. 2. 7. 4:57

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІКТЕРІН ҚАЙТА САЛУ


Тоңазытқыштың есіктерін тоңазытқышты тұрақты орнына қойғаннан кейін қайта салу үшін, бөлшектерін кері ретпен салыңыз.

1. Су диспенсерден ағып кетпеу үшін Су деңгейін мөлдір құралға (Type A) немесе Бағыттағыш сызыққа (Type B) толығымен енгізіп орнату керек.




FLEX ЕСІГІН АҒЫТУ


1. Flex бөлігін (**1**) көтеріп алыңыз.



2. Жалпақ жүзді бұранда бұрағышпен (-) қақпағын (**2**), орағышын алыңыз.




3. Бекіту тетігін басып, Сым жалғастырғышты бөліп алыңыз.




⚠ АБАЙЛАҢЫЗ Қайта орнына салған кезде, сымды қайта жалғауды ұмытпаңыз. Егер қосылмаса, Flex бөлігі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

4. 1 алты қырлы болтты, әр жағынан қырлы бұранда бұрағышпен (10 мм) алыңыз.



5. Flex есігін сырғыма жолдардан көтеріп алыңыз.



DA68-02916H-09.indb 18 2017. 2. 7. 4:57


FLEX ЕСІГІН ҚАЙТА САЛУ

Flex есіктерін қайта салу үшін бөлшектерін кері ретпен салыңыз.


АБАЙЛАҢЫЗ Flex есігінің сым жалғастырғышын міндетті түрде салыңыз.
Егер қосылмаса, Flex бөлігі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

МҰЗДАТҚЫШТЫҢ ЕСІГІН АҒЫТУ


1. Үстіңгі тартпасын көтеріп тұрып тартып шығарыңыз.




2. Мұздатқыш бөліктің бөлгішін (**1**), бөлікті көтеріп барып алыңыз.




3. Астыңғы себетті (**2**) сырғыма жолдан көтеріп барып алыңыз.



4. Сырғама жолдың бекіткіш ілгегін басыңыз.




5. Мұздатқыш тартпасының үстіңгі жағын ұстап тұрып, шегіне дейін тартыңыз да, содан кейін сырғыма жолдан алыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ Сырғыма жолды еденге қатты соғып, сызып немесе майыстырып алмау үшін абай болыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ Мұздатқыштың есігін алу/орнату кезінде, мұздатқыш себетті дұрыс орынға қойыңыз. Бұл нұсқау орындалмаса, есік дұрыс ашылып-жабылмауы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ Мұздатқыштың тартпаларына өте көп тағам салған кезде, мұздатқыш толық жабылмай, мұз қатуы мүмкін.



DA68-02916H-09.indb 19 2017. 2. 7. 4:57

МҰЗДАТҚЫШТЫҢ ЕСІГІН ҚАЙТА САЛУ


Тоңазытқышты тұрақты тұратын орнына қойғаннан кейін, тартпаны қайта орнына салу үшін, бөліктерін кері ретпен салыңыз.

ДЕҢГЕЙІН РЕТТЕУ

Деңгейді реттеудің соңғы қадамдарын орындау үшін тоңазытқыш деңгейінің дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. Тоңазытқыштың бүйір жақтарын және артқы жағын алдыңғы жағымен салыстырғанда дұрыс орнатылғанын тексеру үшін деңгей тексергішті пайдаланыңыз. Егер тоңазытқыштың деңгейі дұрыс болмаса, есіктері дұрыс жабылмауы мүмкін, сондықтан ылғал конденсаты пайда болып, электр төлемдерін көбейтуі мүмкін. Егер тоңазытқыштың сол жағы, оң жағынан аласа болса, тоңазытқышты қалай деңгейлеуге болатыны төменде көрсетілген.

Деңгейін қалай реттеуге болады

1. Мұздатқыштың тартпасын ашып, астыңғы себетті алыңыз.
2. Жалпақ жүзді бұранда бұрағышты (-) сол жақ басқару тетігінің ойығына салып, тоңазытқышты деңгейлеу үшін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз. (Тоңазытқышты төмендету үшін сағат тілінің бағытымен, көтеру үшін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.)




АБАЙЛАҢЫЗ Адам жарақат алмау немесе мүлікке нұқсан келмеу үшін басқару тетіктерінің екеуі де еденге тиіп тұруға тиіс.

Егер оң жағы төмен болса, осы әрекетті оң жақ басқару тетігін пайдаланып қайта орындаңыз.

Тоңазытқыштың алдыңғы жағындағы қақпақты алу өте қиын, сондықтан да, басқару тетігін шамалы өзгеріс енгізу үшін пайдалануды ұсынбаймыз. Оның орнына, есіктерге шамалы өзгеріс енгізудің ең тиімді жолдарын келесі беттен қараңыз.

ЕСІКТЕРГЕ ШАМАЛЫ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ


Тоңазытқыштың деңгейін есіктерді мінсіз біркелкі етіп орнату үшін қажет екенін есте ұстаңыз. Егер көмек қажет болса, тоңазытқыштың деңгейін реттеуге қатысты алдыңғы тарауды қараңыз.



Сол жақ есік алынбайды. Есікке шамалы өзгеріс енгізу үшін, тек оң жақ есікті ғана реттеңіз.

1. Flex есігін (**1**) астыңғы топсаны ашу (**2**) үшін алыңыз.
2. Әмбебап бұранда бұрағышты (+) (**3**) астыңғы топсаның білікшесіне (**4**) салыңыз.
3. Биіктігін әмбебап бұранда бұрағышты (+) (**3**) сағат тілінің (ТӨМЕН) бағытымен немесе сағат тілінің бағытына қарсы (ЖОҒАРЫ) бұрап реттеңіз.

Әмбебап бұранда бұрағышты (+) сағат тілінің бағытына қарсы ( ) бұрағанда есік көтеріледі.



DA68-02916H-09.indb 20 2017. 2. 7. 4:57

СУ ДИСПЕНСЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІН ОРНАТУ

Сүзгісі бар су диспенсері жаңа тоңазытқыштың пайдалы функцияларының бірі. Судың денсаулыққа келтірер пайдасын арттыру үшін, су сүзгісі судың қажетсіз бөлшектерін тазалайды. Дегенмен, суды зарарсыздандырмайды немесе микроағзаларды жоймайды. Ол үшін су тазалайтын жүйені сатып алу керек.
Мұз жасайтын құрал дұрыс жұмыс істеу үшін қысымы 20~125 psi (138 ~ 862 кПа) су қажет. Қалыпты жағдайда, 170 куб/см (5,75 унция) кесені шамамен 10 секундта толтыруға болады.
Егер тоңазытқыш орнатылған жердегі судың қысымы төмен болса (20psi-дан (138кПа) төмен), төмен қысымның орнын толтыру үшін бустер сорғысын орнатуға болады.
Су жүйесін қосқаннан кейін, тоңазытқыштың ішіндегі су сауытының суға толы екеніне көз жеткізіңіз. Суға толтыру үшін су диспенсерінің тетігін су шүмегінен су аққанша басыңыз.

Су жүйесін орнатуға арналған жинақ құрылғымен бірге жеткізіледі. Оны мұздатқыштың тартпасынан табуға болады.

Құрылғымен бірге жеткізілген жаңа түтіктер жинағын пайдалану керек және ескі түтіктер жинағын қайта пайдаланбау керек.


Су жүйесін орнатуға арналған бөлшектер



Су жүйесінің бекіткіші мен бұрандалары



Түтік жалғастырғыш




Су жүйесі

Су жүйесіне қосылу

1. Әуелі, негізгі сумен жабдықтау жүйесін жабыңыз.
2. Ең жақын орналасқан суық ауыз суы жүйесін тауып алыңыз.
3. Орнату жинағында көрсетілген Су жүйесін орнату нұсқауларын орындаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Су жүйесін суық су құбырына қосу керек. Егер ыстық су құбырына қосылса, тазалағыш дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.




4. Сумен жабдықтау жүйесін су сүзгісіне қосқаннан кейін, негізгі сумен жабдықтау жүйесін қайта қосып, шамамен 3 литр таза суды төгіп, су сүзгісін салыңыз.

DA68-02916H-09.indb 21 2017. 2. 7. 4:57


Сумен жабдықтау жүйесін тоңазытқышқа қосу

1. Құрылғының су жүйесінің қақпағын алып, сумен жабдықтау жүйесінің сығымдағыш гайкасын құрылғының су жүйесіне жалғаңыз.
2. Құрылғының су жүйесін жинақтың су жүйесіне қосыңыз.
3. Сығымдағыш гайканы сығымдағыш фитингке қатайтыңыз. Арасында ешбір саңылау болмауға тиіс (A, B және C)
4. Суды қосыңыз да, ағатын-ақпайтынын тексеріңіз.

Су жүйесін ауыз суы жүйесіне ғана қосыңыз. Егер су жүйесін жөндеу немесе бөлшектеу керек болса, пластик түтіктің 6,5 мм бөлігін, ыңғайлы, су ақпайтын қосылым жасау үшін кесіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ Пайдалану алдында, осы жерлерде су ағатын-ақпайтынын тексеру керек.



- Samsung кепілдігіне СУ ЖҮЙЕСІН ОРНАТУ кірмейді.
- Егер орнату ақысы бөлшек сауда бағасына кірмесе, орнату ақысын пайдаланушы төлейді.
- Егер қажет болса, құрылғыны орнату үшін сантехник немесе уәкілетті орнатушыға хабарласыңыз.
- Дұрыс орнатпау себебінен су ақса, орнатушыға хабарласыңыз.

ОРНАТУДЫ АЯҚТАУ

Жаңа тоңазытқышты орнына орнатып болғаннан кейін, параметрлерін орнатып, құрылғының мүмкіндіктері мен функцияларын рақаттана пайдалануға болады.
Келесі қадамдарды орындап, тоңазытқышты толық іске қосуға дайын етуге болады.


1. Тоңазытқышты тоңазытқыш пен қабырғаның арасына жеткілікті орын қалдыра отырып, сай келетін жерге орнатыңыз. Осы нұсқаулықтағы орнату бойынша нұсқауларды қараңыз.
2. Тоңазытқышты тоққа қосқаннан кейін, есіктерді ашқан кезде ішкі шамның жанатынын тексеріңіз.
3. Температура басқару тетігін ең суық температураға қойып, шамамен бір сағат күтіңіз. Мұздатқыш шамалы салқындайды да, қозғалтқыш біркелкі жұмыс істей бастайды. Тоңазытқыш пен мұздатқыштың температурасын қалаған температураға қойыңыз.
4. Тоңазытқышты тоққа қосқаннан кейін, тиісті температураға жеткенше бірнеше сағат қажет болады. Тоңазытқыштың температурасы жеткілікті түрде салқындағаннан кейін тағам мен сусындарды қоюға болады.

Егер тоңазытқыштың есігінің ортаңғы бөлігінің екі жағына да конденсат немесе су тамшылары тұрса, тазалап болғаннан кейін Қуат үнемдеу режимін сөндіріңіз.
(БАСҚАРУ ПАНЕЛІНДЕГІ Қуат үнемдеу түймешігінде көрсетілген түсіндірмені қараңыз.)

DA68-02916H-09.indb 22 2017. 2. 7. 4:57

Француз есікті тоңазытқышты іске пайдалану

БАСҚАРУ ПАНЕЛІН ПАЙДАЛАНУ



(1) Қуатты үнемдеу 	Осы түймешікті басқанда, Қуат үнемдеу режимі қосылады және сөнеді. Қуат үнемдеу режимін қосқанда, Қуат үнемдеу индикаторы жанады. Қуат үнемдеу режимін сөндіргенде, индикатор сөнеді. Қуат үнемдеу функциясы зауыттан "ON" қалпына қойылып жеткізіледі. Егер есіктерде конденсат немесе су тамшылары байқалса, Қуат үнемдеу режимін сөндіріңіз.
(2) Мұздатқыш (Қуат бойынша мұздату үшін 3 сек. басып ұстап тұрыңыз) 	Мұздату түймешігі екі мақсатта пайдаланылады: - Мұздатқышты қажетті температураға қою үшін. - Қуат бойынша мұздату функциясын қосу және сөндіру үшін. 1) Мұздатқыштың температурасын орнату үшін Мұздатқышты қажетті температураға қою үшін Freezer (Мұздатқыш) түймешігін түртіңіз. Температураны -15 °C және -23 °C аралығына қоюға болады. 2) Қуат бойынша мұздату функциясы Мұздатқыштың ішіндегі тағамдарды мұздату уақытын азайту үшін осы түймешікті 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Бұл жылдам бұзылатын тағамдарды тез мұздату қажет болса немесе мұздатқыштың ішкі температурасы шамадан тыс жылып кеткенде (мысалы, есік ашық қалғанда) қолдануға пайдалы функция. Осы функцияны қолданған кезде тоңазытқыш көп қуат тұтынады. Бұл функцияны қажетсіз кезде сөндіріп, мұздатқышты бастапқы температура параметріне қоюды ұмытпаңыз. Егер тағамды көп мөлшерде сақтау қажет болса, Қуат бойынша мұздату функциясын кем дегенде 24 сағат бұрын қосып қойыңыз.
(3) Ескерту (Сүзгіні бастапқы қалпына қою үшін 3 сек. ұстап тұрыңыз 	Ескерту түймешігі екі мақсатта пайдаланылады: - "Есік ашық" ескерту сигналын қосу және сөндіру үшін. - Сүзгінің қолданыс уақыты индикаторын бастапқы қалпына қою үшін. 1) Есіктің ескерту сигналы функциясы Егер есіктің ескерту сигналы On (қосу) қалпында тұрса, тоңазытқыштың есіктерінің кез келгені үш минуттан астам ашық қалғанда, сигнал естіледі. Сигнал есікті жапқан кезде ғана тоқтайды. "Есік ашық" ескерту сигналы зауыттан, On (қосу) қалпына қойылып жеткізіледі. Бұл функцияны Ескерту түймешігін басып, содан кейін босатып сөндіруге болады. Дәл осылай қайта қосуға болады. Функция қосулы тұрғанда, индикатор жанады. "Есік ашық" ескерту сигналы қосулы тұрғанда, ескерту сигналы қосылса, сигнал қосылып тұрғанда "Есік ашық" индикаторы жыпылықтайды. 2) Су сүзгісінің қолданыс мерзімінің функциясы Су сүзгісін ауыстырғаннан кейін, су сүзгісінің қолданыс мерзімінің индикаторын бастапқы қалпына қою үшін осы түймешікті 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Су сүзгісінің қолданыс мерзімінің индикаторын бастапқы қалпына қойғаннан кейін, панельдегі сүзгі индикатоы Off (сөндіру) қалпына қойылады. Алты айдан кейін (шамамен 300 галлон) су сүзгісін ауыстыратын уақыт келгенін ескерту үшін сүзгі индикаторы қызыл түспен жанады. Кей жерлердің суындағы әктің мөлшері көп болады, сондықтан су сүзгісіне қоқыс жылдам жиналуы мүмкін. Егер сіз тұратын жердің суы осындай болса, сүзгіні әр алты айға жеткізбей, жиірек ауыстыру қажет болуы мүмкін.

DA68-02916H-09.indb 23 2017. 2. 7. 4:57

(4) Жарықтандыру (°C ↔ °F үшін 3 секунд басыңыз)

Жарықтандыру түймешігі екі мақсатта қолданылады:
- Диспенсердің шамын қосу және сөндіру үшін
- Температура бірлігін °C және °F бірлігіне ауыстыру үшін

1) Жарық функциясы
Жарықтандыру түймешігін түрткен кезде, диспенсердің LED шамы үздіксіз жанып тұру үшін үздіксіз режим бойынша қосылады. Шам да жанады. Егер диспенсер шамының, біреу диспенсерді пайдаланған кезде ғана қосылғанын қаласаңыз, үздіксіз режимді сөндіру үшін Жарықтандыру түймешігін басыңыз.

2) Температура бірліктерін
°C және °F бірлігінің біріне қою үшін, қажетті температура режимін осы түймешікті 3 секунд басып ұстап тұрып таңдаңыз.
Түймешікті басып ұстап тұрған сайын, °C және °F температура режимдері кезек-кезек қосылып, таңдалған режимді көрсету үшін °C немесе °F белгісі жанады.

(5) Тоңазытқыш (Қуат бойынша салқындату үшін 3 сек. басыңыз)

Тоңазытқыш түймешігі екі мақсатта пайдаланылады:
- Тоңазытқышты қажетті температураға қою үшін.
- Қуат бойынша салқындату функциясын қосу және сөндіру үшін.

1) Тоңазытқыш температурасын орнату үшін
Тоңазытқышты қалаған температураға қою үшін Тоңазытқыш түймешігін басыңыз. Температураны 7°C және 1°C аралығына қоюға болады.

2) Қуат бойынша салқындату функциясы
Тоңазытқыштың ішіндегі тағамдарды салқындату уақытын азайту үшін осы түймешікті 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Бұл жылдам бұзылатын тағамдарды тез салқындату қажет болса немесе тоңазытқыштың ішкі температурасы шамадан тыс жылып кеткенде (мысалы, есік ашық қалғанда) қолдануға пайдалы функция.

(6) Мұзды сөндіру (Бала қауіпсіздігінің бекітпесі үшін 3 сек. басыңыз)

Мұзды сөндіру түймешігі екі мақсатта пайдаланылады:
- Мұз жасағышты қосу және сөндіру үшін
- Бала қауіпсіздігінің бекітпесі функциясын қосу және сөндіру үшін.

1) Мұзды сөндіру функциясы
Егер көбірек мұз қатырғыңыз келсе, Мұзды сөндіру түймешігін басыңыз.

2) Бала қауіпсіздігінің бекітпесі функциясы
Дисплейді, Flex алаңы панелін және диспенсер түймешіктерін пайдалануға жол бермеу үшін бұғаттау үшін, осы түймешікті 3 секунд басып, ұстап тұрыңыз.
Бала қауіпсіздігінің бекітпесі қосылғанда, тіптен Диспенсер тетігі басылса да, тоңазытқыштан мұз немесе су алу мүмкін емес.
Бала қауіпсіздігі бекітпесінің шамдары, Бала қауіпсіздігі функциясының қосылғанын көрсету үшін жанады. Бұғатын ашу үшін 3 секунд басыңыз.

(7) Мұз текшесі (8) Мұз қиыршықтары

(Текшеленген) (Қиыршықталған)

Алғыңыз келетін мұздың түрін таңдау үшін Мұз текшесі немесе Мұз қиырлары түймешігін басыңыз.
Түймешікті басқан сайын, мұз текшесі және мұз қиырлары режимі кезек-кезек көрсетіліп, таңдалған режимді көрсету үшін Мұз текшесі немесе Мұз қиырлары белгісі жанады.

(9) Мұзды сөндіру

Егер тағы мұз қатырғыңыз келмесе, Мұзды сөндіру түймешігін басыңыз.
Индикатор жанады да, мұз жасағыш мұз қатыруды тоқтатады.

Келесі жағдайда мұз қатыруды тоқтатуды ұсынамыз:
- Мұз себетіндегі мұз жеткілікті болса.
- Суды және қуатты үнемдегіңіз келсе.
- Тоңазытқышқа су құйылмай тұрса.

Егер мұз қатыру функциясы ON (қосу) қалпында тұрса және су жүйесі қосылмай тұрса, құрылғының арт жағындағы су клапанынан шуыл естіледі. Бұндай жағдайда, Off (сөндіру) түймешігін (бала қауіпсіздігі бекітпесі үшін 3сек. басыңыз) Мұз сөндіру ( ) индикаторы жанғанша, 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.

DA68-02916H-09.indb 24 2017. 2. 7. 4:57

Қуатты үнемдеу үшін Панель дисплейі келесі жағдайларда автоматты түрде сөнеді: Ешбір түймешік басылмаса, есіктердің ешбірі ашық болмаса немесе Диспенсер тетігі басылмаса. Дегенмен, текше немесе қиыршық мұз режимінің таңдалғанын немесе газды су таңдалғанын көрсететін индикатор жанып тұрады. Түймешікті басқанда, есікті ашқанда немесе Диспенсер тетігі басылғанда, панель дисплейінің индикаторы қайта жанады. Саусағыңызды басып тұрған түймешіктен алғаннан кейін, функция түймешіктерінің барлығы қалыпты жұмыс істейді.

(10) Сүзгі	**Су сүзгісін пайдалану**
	Бұл индикатор сүзгіні ауыстыру уақыты келгенде, әдетте тоңазытқыштан шамамен 300 галлон су (шамамен 6 айдан кейін) алынғаннан кейін жанады. Сіз есікті ашқанда немесе жапқанда белгіше бірер секундқа қызыл түспен жыпылықтайды. Жаңа су сүзгіні орнатқаннан кейін 3 секунд бойы, Сүзгіні бастапқы қалпына қою түймешігін 3 секунд басып ұстап тұрып, сүзгі индикаторын бастапқы қалпына қойыңыз.
	- Егер су ақпаса немесе баяу ақса, су сүзгісін ауыстыру керек, себебі су сүзгісіне қоқыс тұрған. - Кей жерлердің суындағы әктің мөлшері көп болады, сондықтан су сүзгісіне қоқыс жылдам жиналуы мүмкін.

СУ СҮЗГІСІН АУЫСТЫРУ

ЕСКЕРТУ Судың мүлікке келтіретін зиянын азайту үшін SAMSUNG тоңазытқышында су сүзгілерінің нақты брэнд түрлерін ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. SAMSUNG ФИРМАЛЫҚ СУ СҮЗГІЛЕРІН ҒАНА ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ. SAMSUNG басқа фирманың су сүзгісін пайдалануын туындаған зақымға, соның ішінде, бірақ бұнымен ғана шектелмей, мүлікке судың әсерінен келген нұқсан үшін заңды жауапкершілік көтермейді. SAMSUNG тоңазытқыштары ТЕК SAMSUNG су сүзгілерімен ғана жұмыс істейтін етіп жасалған.




(Қызыл)


Су сүзгісінің картриджін өзгертетін уақыт келгенін білдіру үшін, Сүзгі индикаторы қызыл түспен жанады.
Жаңа сүзгі алуға уақыт беру үшін, қызыл индикатор ағымдық сүзгінің істен шығатын уақытына сәл қалғанда ғана жанады. Сүзгіні уақытында ауыстырған кезде, тоңазытқыштан ең жаңа, ең таза су аласыз.

Су сүзгісін ауыстыру үшін келесі қадамдарды орындаңыз:


1. Сумен жабдықтау жүйесін жабыңыз. Содан кейін, су сүзгісін (**1**) шамамен айналымның 1/4-не дейін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.



2. Су сүзгісін (**1**) сүзгі корпусынан (**2**) алыңыз.
   - Су сүзгісін барынша оңай ауыстыру үшін сумен жабдықтау клапанын жабыңыз.
- Кейде су сүзгісін ажырату қиынға соғады, себебі судағы қоқыстар сүзгіні жабыстырып тастайды. Егер су сүзгісін алу қиын болса, сүзгіні қолыңызбен мықтап ұстап, қатты тартыңыз.
- Су сүзгісін тартқан кезде, саңылауынан шамалы су ағуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Ағатын судың мөлшерін азайту үшін, сүзгі картриджін тартқан кезде көлденең қалыпта ұстаңыз.
- Су тасып төгілмеу үшін су сүзгісінің науасын (**3**) босатып, сүзгі корпусының (**2**) айналасын кептіріңіз.



3. Жаңа сүзгіні сүзгі корпусына (**4**) салыңыз.
4. Сүзгіні итеріңіз де, содан кейін сағат тілінің бағытымен бекітілгенше бұраңыз.
   - Егер су қысымының жоғары болуына байланысты су сүзгісін салу қиын болса, сумен жабдықтау клапанын жабыңыз.
   - Бекітілу белгісі индикатор сызығына дөп келуі керек.




DA68-02916H-09.indb 25 2017. 2. 7. 오후 4:57

5. Түртіңіз: су сүзгісін бастапқы қалпына қою үшін **"Сүзгіні баст. қал. келтіру үшін 3 сек басу ескерту/ ұстау"** түймешігін (



) шамамен 3 секунд. Индикатордың ( ) қызыл түсі өзеріп, сөнеді.




6. Егер сумен жабдықтау жүйесі сөндірулі болса, қайта қосыңыз.

Су сүзгісін ауыстыратын сүзгі алу үшін жергілікті орталыққа баруға немесе Samsung бөлшектері дистрибьюторына хабарласуға болады.
Көп су сүзгісінің картриджіне тапсырыс беру үшін жергілікті уәкілетті Samsung дилеріне хабарласыңыз.
Ауыстыратын су сүзгісінің қорабында және су сүзгісінде SAMSUNG логотипінің бар екеніне көз жеткізіңіз.

Су сүзгісін орнатқаннан кейін су жүйесінің ішіндегі қалдықты тазалау.

1. Негізгі сумен жабдықтау жүйесін ON (қосу) қалпына қойып, суды су жүйесінен құйыңыз.
2. Су тазарғанша суды диспенсерден ағызыңыз (шамамен 6-7 минут). Сонда сумен жабдықтайтын жүйе тазарып, жүйедегі ауа шығарылады.
3. Кей үйлерде қосымша шаю қажет болуы мүмкін.
4. Тоңазытқыштың есігін ашып, су сүзгісінен ешбір су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз.



Диспенсерді әбден шайыңыз, әйтпесе диспенсерден су тамшылауы мүмкін. Бұл жүйеде әлі ауа барын көрсетеді.

Кері осмос сумен жабдықтау, МАҢЫЗДЫ:

Кері осмос жүйеден шығып, тоңазытқыштың су кіретін клапанына баратын судың қысымы 35 және 120 psi (241 және 827 кПа) аралығында болуы керек.

Егер суық сумен жабдықтау жүйесіне кері осмос су сүзу жүйесі қосылып тұрса, кері осмос жүйесіне келетін судың қысымы кем дегенде 40 - 60 psi (276 - 414 кПа) болуға тиіс. Егер кері осмос жүйесіне келетін судың қысымы 40 - 60 psi (276 - 414 кПа) мәнінен аз болса:

- Кері осмос жүйесіндегі шөгінді сүзгісінің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса сүзгіні ауыстырыңыз.
- Көп пайдаланғаннан кейін кері осмос жүйесінің сақтау сауытын қайта толтыруға мүмкіндік беріңіз.
- Егер тоңазытқыштың су сүзгісі бар болса, кері осмос жүйесімен қатар пайдаланған кезде, судың қысымын одан сайын төмендетуі мүмкін. Су сүзгісін алыңыз.


Егер су қысымына қатысты сұрағыңыз бар болса, уәкілетті, білікті сантехникке хабарласыңыз.

ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАСҚАРУ

Мұздатқыш және Тоңазытқыш бөліктердің негізгі температурасы

Мұздатқыш және Тоңазытқыш бөліктердің негізгі ұсынылатын температуралары, сәйкесінше -19 °C және 3 °C градус.
Егер Мұздатқыш және Тоңазытқыш бөліктердің температуралары өте жоғары немесе өте төмен болса, температураны қолмен реттеңіз.

Мұздатқыштың температурасын басқару




Ұсынылатын температура (мұздатқыш) : -19 °C

Мұздатқыштың температурасын қалауыңыз бойынша -23 °C және -15 °C градус аралықтарына қоюға болады. Мұздатқыш түймешігін температура дисплейінде қажетті температура көрсетілгенше

DA68-02916H-09.indb 26 2017. 2. 7. 4:57

қайта-қайта басыңыз. Әр басқан сайын температура 1 °C қадаммен өзгереді. Келесіні қараңыз.
Цельсий шкаласымен: -19 °C → -20 °C → -21 °C → -22 °C → -23 °C → -15 °C → -16 °C → -17 °C → -18 °C → -19 °C.
Балмұздақ тәрізді кей тағамдардың -15,5 °C градуста еріп кетуі мүмкін екенін ескеріңіз. Температура дисплейі -23 °C градустан -15 °C градусқа дейін рет-ретімен көрсетеді.

Тоңазытқыштың температурасын басқару




Ұсынылатын температура (тоңазытқыш) : 3 °C

Тоңазытқыштың температурасын қалауыңыз бойынша 1 °C және 7 °C градус аралықтарына қоюға болады. Тоңазытқыш түймешігін температура дисплейінде қажетті температура көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз. Әр басқан сайын температура 1 °C (немесе 1 °F) қадаммен өзгереді. Келесіні қараңыз.
Цельсий шкаласымен: 3 °C → 2 °C → 1 °C → 7 °C → 6 °C → 5 °C → 4 °C → 3 °C.
Тоңазытқыш температурасын басқару үдерісі, Мұздатқыш температурасын басқарумен бірдей. Қажетті температураны орнату үшін Тоңазытқыш түймешігін басыңыз. Бірнеше секундтан кейін Тоңазытқыш жаңа орнатылған температураға бейімделе бастайды. Бұл сандық дисплейде көрсетіледі.


- Есіктерді өте жиі ашқанда немесе жылы не ыстық тағам көп мөлшерде қойылғанда, Мұздатқыштың немесе Тоңазытқыштың ішіндегі температура жоғарылауы мүмкін.
- Температура көтерілсе, сандық дисплей жыпылықтауы мүмкін. Мұздатқыштың және Тоңазытқыштың температурасы қалыпты орнатылған температураларға келгенде, жылылықтау тоқтайды.
- Егер жыпылықтау жалғасса, тоңазытқышты "бастапқы қалпына қою" қажет болуы мүмкін. Құрылғыны сөндіріп, шамамен 10 минут күтіңіз де, содан кейін қуат сымын қайта қосыңыз.
- Егер дисплей мен негізгі басқару құралы арасында байланыс ақау бар болса, өзгермелі дисплей шамы жыпылықтауы мүмкін. Егер ұзақ уақыт жыпылықтаса, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

СУЫҚ СУ ДИСПЕНСЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Диспенсерден не алғыңыз келетініне байланысты, қажетті мұз түрінің түймешігін басыңыз.



Мұз тетігін (1) пайдалану



Диспенсердің Мұз тетігін (1) стаканыңызбен абайлап басыңыз. Диспенсерден мұз шығады.
Алдымен текше немесе қиыршық мұз түймешігін басып, мұздың түрін таңдауға болады.

Су тетігін (2) пайдалану

Диспенсердің Су тетігін (**2**) стаканыңызбен абайлап басыңыз. Диспенсерден су шығады.

Егер су және мұз тетігін шамамен бір уақытта бассаңыз, диспенсер ең бірінші таңдалған немесе басылған функцияны ғана орындайды.

Су құйып алғаннан кейін, су шашырамау үшін кесені алардан бұрын 1 секунд күтіңіз. Мұз немесе су алғаннан кейін, диспенсердің тетігін

DA68-02916H-09.indb 27 2017. 2. 7. 4:57

тартпаңыз. Ол автоматты түрде орнына келеді.

Мұз және су диспенсерін қатар пайдалану

Мұз және су алу үшін, әуелі мұз алу үшін Мұз тетігін (1) басып, содан кейін су алу үшін стаканды төмен түсіріп, су тетігін (2) басыңыз.

Себетті күтіп ұстау


- Мұз сауытын/себетін тазалау үшін жұмсақ жуғыш затпен жуып, жақсылап шайып, мұқият кептіріңіз. Қатты немесе жеміргіш заттарды немесе сұйылтқыштарды пайдаланбаңыз.
- Мұз текше түрінде жасалады. "Қиыршық" режимін таңдағанда, мұз жасағыш мұз текшелерін мұз қиыршықтарына айналдырып ұсатады.
- Мұз қиыршығы режимін пайдаланғаннан кейін Мұз текшесі режимін таңдағанда, шамалы мөлшерде қиыршық мұз шығуы мүмкін.
- Жылдам мұз қатыру циклы жасаған мұз текшелерінің түсі ақ болады, бұл мұздардың қалыпты жасалғанын көрсетеді.
- Тоңазытқыштың ішіндегі мұз жасағыш мұз текшелерін бұдан да тез қатыратындықтан, егер көп мұз текшесі қажет болса, тоңазытқыштың мұз сауытындағы мұз текшелерін, мұздатқыштың мұз сауытына салыңыз.
- Егер мұз шықпаса, себетті тартып шығарып, мұз жасағыштың оң жағында орналасқан тексеру түймешігін басыңыз. Келесі суретке қараңыз.
- Науа мұзға немесе суға толы тұрса, тексеру түймешігін үздіксіз баспаңыз. Су төгілуі немесе себет мұзға кептелуі мүмкін.

Мұз қатыру

- Себетті орнатып болғаннан кейін әбден толтыру үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Тоңазытқышты 24 сағат қосып, салқындатыңыз (немесе 1 толық күн).

- 24 сағат күткенде, мұз жасағыштың дұрыс салқындауына мүмкіндік туады.



2. Стаканға 4-6 мұз текшесін салыңыз.
3. 8, содан кейін 16 сағаттан кейін стаканға мұзды толтыра салыңыз.

- Мұз жасағышты тексеру үшін мұз жасағыштың Тексеру түймешігін басыңыз. Тоңазытқыштың сигналын (дин-дон) естисіз. Сигнал естілген кезде Тексеру түймешігін босатыңыз.
- Мұз жасағыштың жақсы жұмыс істеп тұрғанын хабарлау үшін сигнал қайта автоматты түрде естіледі.

АБАЙЛАҢЫЗ Егер мұз себетін пайдаланбай мұз текшелерін алғыңыз келсе, мұз жасағышты сөндіріп, мұз жасағыштың алдыңғы қақпағын алыңыз. Мұз жасағыштағы мұз текшелері тартпадан төгіліп қалуы мүмкін екенін ескеріңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ Себетке тағам салмаңыз. Егер мұз себетіне тағам сақтасаңыз, есікті ашып-жапқан кезде тағам мұз жасағышты соғып, мұз жасағышқа нұқсан келтіруі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ Мұз себетін тартпадан алған кезде, мұз себетіндегі мұз текшелері тарта үстіне шашылып қалуы мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, тартпадан төгіліп қалған мұз текшелерін тазалаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ Егер тоқ сөніп қалса, мұз текшелері еріп, содан кейін тоқ қайта қосылған кезде, бір-біріне жабысып қатып, диспенсер жұмысының тоқтауына әкелуі мүмкін.

Бұндай жағдайдың алдын алу үшін тоқ сөніп қалғаннан кейін, мұз себетін тартып шығарып, қалған мұзды немесе суды төгіңіз.

Егер мұздың барлығын бір уақытта пайдалансаңыз, 2-ші және 3-ші қадамдарды қайталаңыз. Дегенмен, алғашқы 4-6 мұз текшесін алу үшін 8 сағат ғана күтіңіз. Бұл мұз текшелерін толтырып, мұз жасау өнімділігін жоғары деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді.


DA68-02916H-09.indb 28 2017. 2. 7. 4:57

Мұзды сөндіру функциясын пайдалану

Мұзды сөндіру функциясын таңдаған кезде, себеттегі мұз текшелерінің барлығын алыңыз. Егер себет ішінде мұз текшелері қалса, мұз текшелері өзара жабысып, алу қиынға соғуы мүмкін.
Мұз сауытын абайлап алу және жарақат алып қалмау үшін сауыттың астыңғы жағын бір қолыңызбен ұстап, сауыттың екінші жағын екінші қолыңызбен ұстаңыз.
Содан кейін мұз сауытын көтеріңіз де, тікелей тартып шығарыңыз.
Мұз сауытын орнына қайта салу үшін, орнына қарай мықтап басыңыз.

Егер мұз сауыты орнына мықтап салынбаса, сауыттағы мұз еріп кетуі мүмкін.

Егер себет сыймаса, спиральды 90 градусқа (астыңғы оң жақтағы соңғы суретке қараңыз) бұраңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ
- Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрғанда мұз сауытының іші қатты суық болып тұрады.
  Қолыңызды мұз сауытының түбіне дейін салмаңыз.
- Тоңазытқыштағы мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз. Осы тоңазытқышты су жүйесіне тек білікті маман ғана орнатуға/жалғауға тиіс.
  Тек ауыз су жүйесіне ғана қосыңыз.
- Мұз жасағышты дұрыс пайдалану үшін қысымы 20 ~ 125 psi су қажет.

Демалысқа кетерде...

Егер ұзақ демалысқа немесе іс сапарға кетсеңіз және су немесе мұз диспенсерін ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз:
- Су клапанын жабыңыз. Себебі, су ағуы мүмкін.
- Тағамның барлығын алыңыз.
- Тоңазытқышты тоқтан ағытыңыз.
- Ішіндегі артық ылғалды сүртіп, есіктерін ашық қалдырыңыз. Әйтпесе, жағымсыз иіс, зең пайда болуы мүмкін.

Мұз жасағышқа қатысты жасауға болатын және болмайтын әрекеттер

- Саусақтарыңызды, қолдарыңызды немесе басқа нәрселерді науаға немесе мұз жасағыштың себетіне салмаңыз.
- Себебі, адам жарақат алуы немесе мүлікке зақым келуі мүмкін.
- Диспенсердің саңылауына саусағыңызды немесе басқа затты ешқашан салмаңыз.
- Жарақат алуыңыз мүмкін.
- Мұз жасағышты бөлшектеуге тырыспаңыз.
- Мұз себетін тоңазытқыштың ішінде тұрғанда сумен жумаңыз немесе су шашпаңыз. Алғаннан кейін тазалаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ Мұз жасағыштың науасын салғанда, науаның кіреберістің дәл ортасына қойылуын қамтамасыз етіңіз.
Себебі, науа кептеліп қалуы мүмкін.


Судың бұлыңғырлану феномені

Тоңазытқышқа келетін судың барлығы сілті негізінде жасалған су сүзгісінен өтеді. Сүзгіден өткізу барысында, сүзгіден ағып шыққан судың қысымы көбейеді де, су оттегіге және азотқа қанығып тұрады. Су ауаға кірген кезде, қысым төмендейді де, оттегі мен азотқа өте қатты қанығады, соның нәтижесінде газ көпіршіктері пайда болады. Осы оттегі көпіршіктеріне байланысты су уақытша бұлдыр болып, тұманданып көрінуі мүмкін. Бірнеше секундтан кейін, су тұнық көрінеді.

DA68-02916H-09.indb 29 2017. 2. 7. 4:57

БӨЛШЕКТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

Тоңазытқыштың бөлшектері мен функцияларымен барынша жақсы танысу үшін келесі суретке қараңыз.



Есікті жапқан кезде, басқа есікке сызат түсірмеу үшін Тік бөліктің дұрыс орында тұрғанына көз жеткізіңіз.
Егер Тік бөлік кері ауысып тұрса, дұрыс орынға қайта қойыңыз да, есікті жабыңыз.
Тік бөлікте кейде ылғал пайда болуы мүмкін.
Уақыт өте келе есіктің тұтқасы босауы мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, есіктің ішкі жағындағы болттарды қатайтыңыз.
Егер бір есікті өте қатты жапсаңыз, басқа есік ашылуы мүмкін.


Есік ашылған кезде, сақтандырғыш тетік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мұз жасағыштың қозғалтқышын автоматты түрде сөндіреді.

Егер ішкі немесе сыртқы LED шамы жанып кетсе, қызмет көрсету орталығының технигіне хабарласыңыз.


DA68-02916H-09.indb 30 2017. 2. 7. 4:57

FLEX АЛАҢЫН ПАЙДАЛАНУ

Flex алаңы - реттеуге болатын температураны басқару құралы бар, толық енді тартпа. Flex алаңын үлкен табақтар, деликатес заттар, шараптар, пицца, сусындар немесе ұсақ-түйек заттар үшін пайдалануға болады. Температура сенсорымен алаңның ішінде болатын суықтың мөлшерін реттеуге болады. Басқару түймешіктері есіктің ортасындағы сауытта орналасқан.



Температура таңдау түймешігі



Салқындату бөлімінің функциялары

- Темп. түймешігін қажетті режим жанғанша қайта-қайта басыңыз.
- Temp. түймешігін басқан сайын, режимді мына ретпен өзгертесіз: Ет/Балық режимі (-1 °C), Салқын сусындар режимі (1 °C), Деликатес/Тісбас. режимі (3 °C), Шарап/Той тағамдары режимі (5 °C). Әуелі, Салқын сусындар режимі таңдалып тұрады. Тоңазытқыш Flex Zone температурасын таңдалған температураға автоматты түрде қояды.
- Деликатес/Тісбас. режимі (3 °C), Салқын сусындар режимі (1 °C) немесе Ет/Балық режимі (-1 °C) таңдалғанда, Flex Zone Салқындату бөлімінде жұмыс істейді.
- Flex алаңы Темп. Дисплейі ішіндегі заттардың санына, орналасқан орындарына, қоршаған ортаның температурасына, есіктің қаншалықты жиі ашылғанына қарай өзгеруі мүмкін.

Таңдау түймешігі

1. **"Шарап/Той тағамдары"** режимі таңдалғанда, Flex алаңының температурасы 5°C шамасында сақталады. Бұл функция тағамды ұзақ уақыт жаңа қалпында сақтауға көмектеседі.
2. **“Деликатес/Тісбас.”** таңдалғанда, Flex Zone температурасы шамамен 3 °C градуста тұрады. Бұл функция тағамды ұзақ уақыт жаңа қалпында сақтауға көмектеседі.
3. **“Салқын сусындар”** таңдалғанда, Flex Zone температурасы шамамен 1 °C градуста тұрады. Бұл функция сусындарды суық және сергітетін етіп сақтайды.
4. **"Ет/Балық"** режимі таңдалғанда, Flex алаңының температурасы -1°C шамасында сақталады. Бұл функция етті немесе балықты ұзақ уақыт жас қалпында сақтауға көмектеседі.

Тез бұзылып кететін тағамдарды сақтағанда, Салқындату бөлімінің функцияларын таңдаңыз.

Flex алаңында сақтауға болатын тағам түрлері, температура параметрімен бірге берілген.

Шарап Той тағамдары	Деликатес Тісбасар	Суық Сусындар	Ет Балық
• шарап	• ананастар	• шөлмектегі су	• стейк
• коктейль	• лимондар	• балшырын	• суық тілімдер
• торттар	• печеньелер	• жұмсақ сусындар	• бекон
• ірімшіктер	• картоптар	• сыра	• чили хот-догы

Жемістер мен көкөністерді "Ет Балық" режимінде сақтаса, бұзылып кетуі мүмкін.
Flex алаңында салат жапырағын немесе басқа жапырақты тағамдарды сақтамаңыз.


АБАЙЛАҢЫЗ Шыны шөлмектерді Flex алаңына қойып, "Суық сусындар" немесе "Ет/Балық" режимінде сақтамаңыз. Егер мұздап қалса, жарылып, адам жарақат алуы мүмкін.


DA68-02916H-09.indb 31 2017. 2. 7. 4:57

ЖИЫЛМАЛЫ СӨРЕНІ ҚОЮ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ОРЫНДАР

Ұзын заттарды сақтауға көбірек орын ашу үшін, сөрелерді қайта реттеп қоймай, жиылмалы сөрені ортасынан ұстап жоғары жинап қоюға болады.

- Жиылмалы сөрені тоңазытқыштың оң жағына орнатыңыз.
- Егер Жиылмалы сөрені сол жағына орнатсаңыз, мұз жасағыш сөрені шегіне дейін жинауға кедергі жасайды.
- Пайдалану үшін сөренің алдыңғы жағын, сөре ортасынан бастап жазыла бастау үшін абайлап итеріңіз.






ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫН АЛУ

1. Есіктің сауыттары

- Есіктің сауыттары (1)
  Алу үшін - Саутты көтеріңіз де, тура тартып шығарыңыз.
  Қайта салу үшін- Қажетті орынның үстіне қарай сырғытып, тоқтағанша төмен басыңыз.
- Есіктің сауыттары (2)
  Алу үшін - Сауыттың оң жағын, бағыттағыштың бұрышымен бірдей бұрыш жасап көтеріп алып, содан кейін сол жағын есіктен тартып шығарыңыз.
  Қайта салу үшін - Бастапқы орнына сырғытып салып, салынғанша төмен басыңыз.




Есіктің сауыттары есіктерге мықтап салынбаса, жарақат алу қаупі бар. Сауыттарды балаларға ойнауға бермеңіз. Сауыттардың өткір жиектеріне жарақаттанып қалуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ Тағам толып тұрған сауытты реттемеңіз. Әуелі тағамын алыңыз. Сауыттардың шаңын тазалау үшін, бөлгіштерін алып, сумен жуыңыз.

2. Мықты шыны сөрелер

Алу үшін - Сөренің алдыңғы жағын көрсетілген бағыт (**1**) бойынша қисайтып, тігінен (**2**) көтеріңіз. Сөрені тартып шығарыңыз.
Қайта орнату үшін- Сөренің алдыңғы жағын жоғары қисайтып, сөренің ілгектерін қажетті биіктікте тұрған саңылауларға бағыттаңыз. Содан кейін сөренің алдыңғы жағын, ілгектері саңылауларға кіргенше төмен түсіріңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ Мықты сөрелердің салмағы ауыр. Алған кезде өте абай болыңыз.




3. Жиылмалы сөре

Алу үшін - Сөренің алдыңғы жағын алғаннан кейін, сөрені көтеріңіз де, алыңыз.
Қайта салу үшін - Сөрені бұрышы бар жақтауға


DA68-02916H-09.indb 32 2017. 2. 7. 4:57

бекітіңіз
де, сөренің алдыңғы жағын жиылмалы сөреге қайта орнатыңыз.




АБАЙЛАҢЫЗ Жиылмалы сөренені сырғытып кіргізіп, жинағаннан кейін, ыңғайлы болу үшін сөренің алдыңғы жағын алып қоюға болады. Егер сөренені алмай пайдалансаңыз, ажырап кетпес үшін абай болыңыз.

4. Көкөніс және жеміс тартпалары




Алу үшін

- Сауытты көтеріңіз де, тура тартып шығарыңыз.



- Тартпаның алдыңғы жағын қисайтып, тура тартып шығарыңыз, содан кейін көрсеткі бағытымен шамалы жылжытқаннан кейін тартпаны шығарып алыңыз.




Қайта салу үшін

- Тартпаны сырғытпа жолдарға салып, орнына итеріп қойыңыз.
- Сауытты қалаған орныңызға жоғары сырғытып қойып, тоқтағанша төмен басыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ Тартпаларды үстіндегі шыны сөренені алмай тұрып шығарып алу керек.


5. Flex алаңы

Flex алаңын алу үшін – Flex есігін шегіне дейін тартыңыз. Flex алаңын екі қолыңызбен өзіңізге қарай тарта отырып көтеріңіз.
Flex алаңын қайта орнату үшін – Flex есігін шегіне дейін ашыңыз. Flex алаңының алдыңғы жағын қисайтып, Flex алаңының артқы жағын сырғыма жолдарға қойып, содан кейін алдыңғы жағын барлық алаң сырғыма жолдарға қойылғанша төмендетіңіз.



Flex алаңы немесе LED шамы жұмыс істемеген кезде, көрсетілген [(1), (2) жалғастырғыштардан ешнәрсе ақпайтынын немесе олардың жарылмағанын тексеріңіз.

DA68-02916H-09.indb 33 2017. 2. 7. 4:57



1. Бөлшектеу нұсқауларын 18-беттен қараңыз.
2. Жалпақ жүзді бұранда бұрағышпен сырғыма жолдың қақпағын ашыңыз.


Есіктерді қолдану

Есіктердің шегіне дейін жабылатынын және тығыздағыштарының мықтап салынғанын тексеріңіз.
Тоңазытқыштың есігі шала ашылып тұрса, автоматты түрде жабылып қалады. Есік автоматты түрде жабылатын шектен асып кетсе, онда ашылған қалпы тұрады. Қолмен жабу керек.

МҰЗДАТҚЫШТЫҢ КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫН АЛУ


1. Мұздатқыш бөліктің бөлгіші

Алу үшін - Мұздатқыш бөліктің бөлгішін (**1**) алу үшін, бөлгішті көтеру керек.
Қайта салу үшін - Бөлгішті (**1**) орнына бекітілгенше төмен басыңыз.



2. Ұзартылатын тартпа

Алу үшін - Тартпаны шегіне дейін тартыңыз. Тартпаның артқы жағын шамалы жоғары қисайтып, тура тартыңыз.
Қайта орнату үшін- Тартпаны жоғары қисайту арқылы сырғыма жолдарға (**4**) салыңыз. Тартпаны көлденең қалыпқа келгенше төмен түсіріп, тартпаны (**3**) сырғытып кіргізіңіз.



3. Мұздатқыштың тартпасы


Мұздатқыштың тартпасын алу үшін - Мұздатқыштың тартпасын шегіне дейін тартыңыз. Сауыттың артқы шетін жоғары көтеріңіз де, алыңыз.
Мұздатқыштың тартпасын қайта орнату үшін - Сауытты сырғыма жолға қойыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ Сауытты алып немесе орнына салып жатқанда солға немесе оңға қарай майыстырсаңыз, бүйір жағына сызат түсіріп алуыңыз мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ Сәбилер мен балаларға мұздатқыштың тартпасына кіруге жол бермеңіз. Олар тоңазытқышқа зақым келтіріп, өздері жарақат алуы мүмкін. Мұздатқыштың есігіне отырмаңыз. Есігі сынып қалуы мүмкін. Балаларға мұздатқыштың тартпасына кіруге жол бермеңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ Бөлгішті алмаңыз.

ЕСКЕРТУ Егер балалар ішіне қамалып қалса, жарақат алуы немесе тұншығып мерт болуы мүмкін.




DA68-02916H-09.indb 34 2017. 2. 7. 4:57

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАЛАУ

Samsung француз есікті тоңазытқышына күтім көрсету
оның қолданыс уақытын ұзартуға және иіс, бактериясыз ұстауға көмектеседі.


Құрылғының ішін тазалау

Ішкі қабырғалары мен керек-жарақтарын жұмсақ жуғыш затпен тазалап, содан кейін құрғақ жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Тазалауға ыңғайлы болу үшін тартпалары мен сөрелерін алып қоюға болады. Тартпалары мен сөрелерін қайта орындарына қояр алдында, кептіруді ұмытпаңыз.



Құрылғының сыртын тазалау

Басқару панелі мен сандық дисплейді дымқыл, таза, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Тоңазытқыштың бетіне суды тура шашпаңыз.
Есіктерді, тұтқалары мен корпус беттерін жұмсақ жуғыш затпен тазалап, содан кейін құрғақ, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Құрылғыны көзге жақсы көрініп тұратын ету үшін, сыртын жылына бір рет жылтырату керек.



АБАЙЛАҢЫЗ Тоңазытқышқа суды тура шашпаңыз. Таза, дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ Бензол, сұйылтқыш немесе Clorox-ты пайдаланып тазаламаңыз. Себебі бұндай заттар құрылғының беткі қаптамасын бүлдіруі және өрт шығаруы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ Дипслейге басылған әріптерді, егер әріптер басылған жерге тот баспайтын заттарды тазалауға арналған құралды тура жақсаңыз, әріптер өшіп қалады.



Мұз / Су диспенсерін тазалау


Диспенсер науасын алу үшін бір жақ шетін басыңыз. Мұз / Су диспенсерін таза, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ Қиыршық мұз режимін таңдаған кезде, диспенсердің мұз науасына мұз қиыршықтарының қалдығы шамалы мөлшерде жинала бастауы мүмкін. Осы мұздың қалдықтары еріп, науадан ағып кетуге жол бермеу үшін, мұз науасында қалдық мұз жинала бастағанын көрген кезде тазалау керек.

Есіктің резеңке тығыздағыштарын тазалау

Егер есіктің резеңке тығыздағыштарына қоқыс тұрса, есіктер дұрыс жабылмауы және тоңазытқыш тиімді жұмыс істемеуі мүмкін. Есіктерді жұмсақ жуғыш зат пен дымқыл шүберекті пайдаланып тазалап, есіктің тығыздағыштарын шаңнан немесе дақтардан таза ұстаңыз. Таза, жұмсақ шүберекпен жақсылап құрғатыңыз.




АБАЙЛАҢЫЗ Тоңазытқышты бензолмен, сұйылтқышпен немесе көлік жуғыш құралмен тазаламаңыз. Бұл заттар өрт шығаруы мүмкін.

Тоңазытқыштың артқы жағын тазалау

Сымдары мен ашық тұрған бөлшектерін шаң және қоқыс жиналудан қорғау үшін, құрылғының артқы жағын жылына бір немесе екі рет шаңсорғышпен тазалаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ Артқы қақпағын (**1**) алмаңыз. Электр қатеріне ұшырауыңыз мүмкін.



DA68-02916H-09.indb 35 2017. 2. 7. 4:57

Ақаулықты түзету

АҚАУЛЫҚ	ШЕШІМІ
Тоңазытқыш мүлдем жұмыс істемейді немесе жеткілікті түрде суытпайды.	• Ашаның розеткаға дұрыс сұғылғанын тексеріңіз. • Сандық дисплейге орнатылған температураның, мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың ішіндегі температурадан жылырақ екенін тексеріңіз. Солай болса, тоңазытқышты суығырақ параметрге қойыңыз. • Тоңазытқыш күннің сәулесі тура түсетін жерге немесе қызу көзіне жақын қойылған жоқ па? • Тоңазытқыштың артқы жағы қабырғаға жақын орналасып, дұрыс желдетуге кедергі жасап тұр ма?
Тоңазытқыштағы тағам мұздап қалған.	• Сандық дисплейдегі температураның төмен екенін тексеріңіз. • Тоңазытқышты жылырақ температураға қойып көріңіз. • Бөлме температурасы өте төмен емес пе? Тоңазытқышты жылырақ температураға қойыңыз. • Суы бар тағамды тоңазытқыштың ең суық бөлігіне қойдыңыз ба? Сол заттарды тартпалардың ең суық жерлерінде сақтамай, тоңазытқыштың басқа сөрелеріне қойып сақтаңыз.
Тосын шуыл немесе дыбыс естіледі.	• Тоңазытқыштың деңгейін, орнықты тұрғанын тексеріңіз. • Тоңазытқыштың артқы жағы қабырғаға жақын орналасып, дұрыс желдетуге кедергі жасап тұр ма? Тоңазытқыштың артқы жағын қабырғадан кем дегенде 2 дюйм алыс қойыңыз. • Тоңазытқыштың артына немесе астына бір нәрсе түсіп кеткен жоқ па? • Тоңазытқыштың ішінен “сырт-сырт” еткен дыбыс шығады. Бұл қалыпты жағдай және тоңазытқыштың ішіндегі температураға байланысты оның әр түрлі керек-жарақтары тартылып немесе үлкейіп жатыр. • Егер тоңазытқыштың ішінде бір нәрсе екінші нәрсені соғып жатқан тәрізді естілсе, бұл қалыпты жағдай. Бұл дыбыс компрессордың өте жоғары қарқынды жұмыс істеп тұрғанына байланысты.
Құрылғының корпус және есіктегі тығыздағышы ыстық және конденсат жиналып тұр.	• Конденсатқа жол бермеу үшін тоңазытқыштың тік бөлігін конденсатқа қарсы құралдар орнатылғандықтан, бұл қызу қалыпты жағдай. • Тоңазытқыштың есігі ашық па? Есікті ұзақ уақыт ашық қалдырған кезде конденсат пайда болады.
Мұз жасағыш мұз жасамай тұр.	• Мұз жасау алдында, сумен жабдықтау жүйесін қосқаннан кейін 12 сағат күттіңіз бе? • Сумен жабдықтау жүйесі қосылып, жабу клапаны ашылды ма? • Мұз жасау функциясын қолмен тоқтаттыңыз ба? • Мұздатқыштың температурасы өте жылы ма? Мұздатқыштың температурасын төмендетіп көріңіз.


DA68-02916H-09.indb 36 2017. 2. 7. 4:58

АҚАУЛЫҚ	ШЕШІМІ
Тоңазытқыштан судың көпіршіктенуі естіледі.	• Бұл қалыпты жағдай. Көпіршіктер тоңазытқыш ішінде салқындатқыш сұйық айналған кезде пайда болады.
Тоңазытқыш ішінде жағымсыз иіс бар.	• Бұзылып кеткен тағамдардың бар-жоғын тексеріңіз. • Иісі қатты шығатын тағамдарды (мысалы, балық) мықтап жабу керек. • Мұздатқышты уақытылы тазалап, бүлінген немесе бұзылайын деп тұрған тағамды тастаңыз.
Мұздатқыш қабырғаларында қырау пайда болады.	• Ауа саңылауы бітеліп қалды ма? Ауа еркін айналу үшін кедергі жасап тұрған нәрсені алыңыз. • Ауа еркін айналу үшін тағамдардың арасына жеткілікті орын қалдырыңыз. • Мұздатқыштың тартпасы дұрыс жабылды ма?
Су диспенсері жұмыс істемей тұр.	• Сумен жабдықтау жүйесі қосылып, жабу клапаны ашылды ма? • Сумен жабдықтау жүйесінің түтігі майысып немесе бұратылып қалған жоқ па? • Түтікке ешнәрсе кедергі жасап тұрмағанына көз жеткізіңіз. • Тоңазытқыш температурасы өте төмен болғандықтан, су сауыты қатып қалған жоқ па? Сандық дисплейге жылырақ температураны орнатыңыз. • Бала қауіпсіздігінің бекітпесі қосулы тұр ма?
Мұздатқыштың есігінде Автоматты жабу жүйесі жұмыс істемейді.	• Есіктің оң жағы мен сол жағының арасында теңгерімсіздік бар ма? • Есікті 1~2 рет ашып, еппен жабыңыз. Осыдан кейін автоматты жабу жүйесі қайта қалыпты жұмыс істей бастайды. • Есіктің оң жағы мен сол жағының арасында теңгерімсіздік пайда болмау үшін, еппен ашуға тырысыңыз.
Тоңазытқыштың есігінің ортаңғы бөлігінің екі жағында да конденсат немесе су тамшылары пайда болады.	• Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде ылғалдылық өте жоғары болса, конденсат немесе су тамшылары пайда болуы мүмкін. • Егер тоңазытқыштың есігінің ортаңғы бөлігінің екі жағында да конденсат немесе су тамшылары пайда болса, конденсатты тазалап болғаннан кейін Қуат үнемдеу режимін сөндіріңіз.


DA68-02916H-09.indb 37 2017. 2. 7. 4:58

Circuit diagram

<INVERTER + SMPS model>



<INVERTER model>



Сыртқы бөлме температурасындағы шектеулер

Бұл тоңазытқыш/мұздатқыш сипаттамалық тақтасында көрсетілген сыртқы температураларда жұмыс істеуге арналып жасалған.

Класс	Таңба	Сыртқы температура ауқымы (°C)	
		IEC 62552 (ISO 15502)	ISO 8561
Ұзартылған температура	SN	+10 бастап +32 дейін	+10 бастап +32 дейін
Температура	N	+16 бастап +32 дейін	+16 бастап +32 дейін
Субтропикалық	ST	+16 бастап +38 дейін	+18 бастап +38 дейін
Тропикалық	T	+16 бастап +43 дейін	+18 бастап +43 дейін

Ішкі температураға тоңазытқыш/мұздатқыштың орны, сыртқы температура және есіктің ашылу жиілігі сияқты факторлар әсер етуі мүмкін.
Температурасын осы факторларды ескере отырып реттеңіз.

Құрылғыны қоқысқа дұрыс тастау

(Қоқысқа тасталатын электр және электроника құрылғысы)

Kazakhstan

(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілеспе кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлаққабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

SAMSUNG WORLD WIDE байланыс орталығына хабарласыңыз
Samsung өнімдеріне қатысты сұрақтарыңыз немесе айтатын пікіріңіз бар болса,
SAMSUNG тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.

36 Al-Farabi ave. , Block B (3-4)floor, Almaty, Kazakhstan
8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799, VIP care 7700)
www.samsung.com/support

DA68-02916H-09